

ХАТТАМА № 6

Уақыты: “1” қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: Мектеп медбикесі Жумабаева Лаззат Төлепбергеновна, Қосшы қаласы жалпы тәжірибедегі акушер Абдрахман Аружан Туреханқызы, ЖДТ(жалпы тәжірибелік дәрігер) Мауытайқызы Мөлдір.

Күн тәртібінде:

- Салауатты өмір салтын ұстан;
- Ерте жүктіліктің, зиянды әдеттердің (вейп, темекі, энергетикалық сусындар) және жасөспірімдік кезеңдегі физиологиялық өзгерістердің алдын алу;

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қосшы қаласының жалпы тәжірибелік дәрігері (ЖТД) Мауытайқызы Мөлдір сөз сөйледі. Ол жасөспірімдердің денсаулығы — болашақ ұлт саулығының кепілі екенін атап өтті. Дәрігер өз сөзінде қазіргі таңда жастар арасында белең алып жатқан зиянды әдеттерге, соның ішінде электронды темекілер (вейптер), тауын (энергетикалық) сусындар мен фаст-фуд өнімдерінің жас ағзаға тигізетін зиянына тоқталды. Салауатты өмір салтын ұстану тек спортпен шұғылдану ғана емес, дұрыс ұйқы режимін, теңгерімді тамақтануды және зиянды нәрселерден бас тартуды қамтитынын түсіндіріп, оқушыларды спорттық үйірмелерге белсенді қатысуға шақырды.

Екінші болып сөз алған Қосшы қаласының жалпы тәжірибедегі акушер маманы Абдрахман Аружан Төреханқызы жоғары сынып қыз балаларымен ашық әңгіме жүргізді. Ол қыз балалардың гигиенасы, жасөспірімдік кезеңдегі физиологиялық және гормоналды өзгерістер туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Сонымен қатар, ерте жыныстық қатынасқа түсудің соңы ерте жүктілікке, психологиялық жарақаттарға және репродуктивті денсаулықтың бұзылуына (бедеулікке) әкеп соқтыратынын нақты мысалдармен жеткізді. Маман қыз балаларға өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын түсіндіріп, медициналық сұрақтар бойынша қымсынбай дәрігерлерге жүгіну қажеттігін айтты.

Кездесу соңында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға мамандар тұщымды жауаптар берді. Мектептің әлеуметтік педагогы мен психологы дәрігерлерге құнды ақпараттары үшін алғыс білдірді.

Шешімі:

- Мектеп медбикесі мен сынып жетекшілері «Салауатты өмір салтын ұстан!» ұранымен оқушылар арасында спорттық шаралар, дұрыс тамақтану бойынша ақпараттық сағаттар ұйымдастыруды жалғастырсын;
- Қыздармен тығыз қатынас жұмыстары жалғастырылсын;

Хатшы  Жакыбаева Г.Н.